



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 14 ж. « 19 » мамыр

БҰРЫН 2003 ж. « 26 желтоқсан » ТІРКЕЛДІ

№ 4078-1900-Ақ

**БЕКІТІЛГЕН:**  
2014 жылғы «21» сәуір  
Акционерлердің жылдық  
жалпы жиналысында



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 14 ж. « 19 » мамыр

БҰРЫН 2003 ж. « 26 желтоқсан » ТІРКЕЛДІ

БСН 920140000024

«ЦЕСНАБАНК»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

20 03 ж. « 26 желтоқсан » ЖҮРГІЗІЛДІ

№ 4078-1900-Ақ

Бастапқы тіркелген күні

1992 ж. « 17 » қаңтар



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ

20 03 ж. « 26 желтоқсан » ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 920140000024

Бастапқы тіркелген күні

1992 ж. « 17 » қаңтар

Астана қаласы, 2014 ж.

Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және бұдан әрі «Банк» деп аталатын «Цеснабанк» акционерлік қоғамының қызмет етуі және ұйымдастырылуының құқықтық негіздерін анықтайды.

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Банк ұйымдастырушылық-құқықтық формада құрылған заңды тұлға – акционерлік қоғам болып табылады, құқыққа қабілеттілігі әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткеннен және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген банктік және басқа да операцияларды жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясын алғаннан кейін басталады.

2. Банктің дербес балансы, корреспонденттік шоттары бар, банк акционерлерінің мүлкінен жеке өз мүлкіне ие және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді, өз атынан мүлктік және жеке мүлктік емес құқықты иемдене және жүзеге асырады, міндетті атқарады, сотта жауапкер және талапкер ретінде бола алады.

Белгіленген тәртіпте Банктің акцияларына ие болатын қазақстандық және шетелдік заңды және жеке тұлғалар Банк акционерлері бола алады.

3. Банктің меншік нысаны – жеке.

4. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлардың басқасынан, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

5. Банк өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға (келісімдерге), банктік тәжірибенің жалпыға бірдей халықаралық нормаларына, Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, осы Жарғыға және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

6. Банк өз міндеттемелері бойынша өз мүлкінің шегінде жауапкершілікте болады.

Банк акционерлері Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлардың басқасынан, өздеріне тиесілі Банк акцияларының құны шегінде Банктің қызметіне байланысты залалдар үшін тәуекелдікте болады.

7. Банк өз қызметінде мемлекеттік биліктің атқарушы және өкілдік органдарына тәуелсіз, Банк немесе мемлекет өзіне осындай жауапкершілікті қабылдаған жағдайлардың басқасынан, мемлекет Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейтіндей Банк те мемлекет міндеттемелері бойынша жауапты емес.

8. Филиалдар және өкілдіктер

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Банк Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде филиалдар және өкілдіктер құруға құқылы.

Банктің филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлға болып табылмайды және Банктің Директорлар кеңесімен бекітілетін олар туралы ережелердің негізінде Банктің атынан әрекет етеді.

Филиалдар мен өкілдіктердің басшылары Банктің берілген сенімхаттары негізінде әрекет етеді.

Банктің филиалдары мен өкілдіктері Қазақстан Республикасының және олар орналасқан аумақтағы мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

9. Банктің еншілес ұйымдары

Банк Уәкілетті органның рұқсаты бар болған кезде Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде еншілес ұйымдар құруы мүмкін.

Банктің еншілес ұйымдары Қазақстан Республикасының және олар орналасқан аумақтағы мемлекеттің заңнамасына сәйкес құрылады және жабылады.

10. Банктің фирмалық атауы:

мемлекеттік тілде – «Цеснабанк» Акционерлік қоғамы;

орыс тілінде – Акционерное общество «Цеснабанк»;

ағылшын тілінде - «Tsesnabank» Joint stock company»;

Банктің қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде – «Цеснабанк» АҚ;

орыс тілінде - АО «Цеснабанк»;

ағылшын тілінде - «Tsesnabank» JSC».

11. Банк өз қызметін жүзеге асыруға қажетті мөрге, эмблемаға және өзге де деректемелерге ие.

Банк қызметінің мерзімі шектелмеген.



12. Банк Басқармасының орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ, Есіл ауданы, Сығанақ к-сі, 24.

## 2. ҚЫЗМЕТТІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МӘНІ

13. Банк қызметінің негізгі мақсаттары болып табылады:

- 1) Банк заңды қызметін жүзеге асыру нәтижесінде табысқа ие болу;
- 2) Қазақстан Республикасында нарықтық экономиканың қалыптасуына және одан әрі дамуына жәрдем ету;
- 3) табысқа ие болу және оларды акционерлердің мүдделерінде пайдалану;
- 4) халықаралық нормаларға, стандарттарға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік қызметтерді жүзеге асыру және олардың спектрін кеңейту.

14. Көрсетілген мақсаттарға жету үшін Банк Уәкілетті органның тиісті лицензиясы бар болғанда банктік заңнамада қарастырылған банктік және басқа да операцияларды жүзеге асыруға құқылы.

15. Банк Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген тәртіпте және шарттарда Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқылы.

## 3. БАНК МҮЛКІ

16. Банк мүлкін негізгі қорлар және айналым қаражаттары, сондай-ақ Банктің дербес балансында құны көрсетілетін басқа мүліктер құрайды.

Банкке мүлік меншік құқығы негізінде тиесілі.

17. Банктің мүлкін қалыптастыру көздері болып табылады:

- 1) құрылтайшылардың номиналды құны бойынша және инвесторлардың оларды орналастыру бағасы бойынша акцияларды төлеуі;
- 2) оның қызметінен алынған табыстар;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздер.

18. Банктің құрылтайшылары мен акционерлері сатып алынатын акцияларын тек қана ақшамен төлеуге міндетті.

19. Банк салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдердің түсуін қамтамасыз ететін салада жетекшілікті жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның келісімі бойынша Уәкілетті органмен белгіленетін тәртіп пен шарттарда серпінді резерв құрайды.

Серпінді резерв жай акциялар бойынша дивидендтерді төлегенге дейін құрылады және Банк банктік қызметті жүзеге асыруға байланысты залалдарды өтеу үшін Банкпен құрылады.

Банктің міндеттемесін, сондай-ақ салықтар мен бюджетке төленетін өзге төлемдерді төлегеннен кейін қалатын табыс есебінен оның қызметінің дамуын қамтамасыз ету үшін Банк Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша пайдалану тәртібі Банктің Директорлар кеңесімен анықталатын тиісті мақсатты қорлар құруы мүмкін.

20. Жүргізілетін операциялардың сипаттамасы мен көлеміне сәйкес өз қызметінің сенімділігі мен бақылаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Банк Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында белгіленген тәртіпте және шарттарда күдікті және сенімсіз талаптарды бөле отырып және оларға қарсы провизия (резервтер) құра отырып, берілген кредиттер мен басқа активтерді жіктеуді жүзеге асырады.

## 4. БАНКТІҢ АКЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

21. Банк жай және артықшылықты акцияларды шығарады. Акциялар құжаттамасыз түрде шығарылады.

22. Акция бөлінбейді. Егер акция жалпы меншік құқығымен бірнеше тұлғаларға тиесілі болса, олардың барлығы бір акционер болып саналады және өздерінің жалпы өкілдері арқылы акциямен куәландырылған құқықтарды пайдаланады.

23. Бір түрдегі акция оны иеленуші әрбір акционерге егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленбесе осы акция түріне басқа иеленушілермен бірдей көлемдегі құқықты ұсынады.

24. Жай акция акционерге дауыс беруге шығарылатын барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқық береді, Банкте таза табыс болған жағдайда дивидендтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банк таратылған кезде оның мүлкінің бөлігін алуға құқық береді.

25. Артықшылықты акцияларды меншіктенуші акционерлердің жай акцияларды меншіктенуші акционерлердің алдында алдын ала анықталған кепілді көлемде дивидендтер алуға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен Банк таратылған кезде оның мүлкінің бөлігін алуға артықшылықты құқығы бар.

Банктің артықшылықты акцияларының саны оның орналастырылған акцияларының жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауы тиіс.

26. Артықшылықты акция акционерге Банкті басқаруға құқық береді, егер:

1) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы шешімі артықшылықты акцияларға ие акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселені қарастырады. Мұндай мәселенің шешімі, орналасқан (сатып алынғандарды есептемегенде) артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі шектеуге дауыс берсе, қабылданған болып саналады;

2) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Банк оларды сатып алған кезде артықшылықты акциялардың құнын анықтау методикасына өзгертулерді бекіту туралы мәселені қарастырғанда;

3) Акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта құру немесе тарату мәселесін қарастырғанда;

4) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер оны төлеуге белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбегенде. Егер артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер оны төлеуге белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленген жағдайда, артықшылықты акциялардың иеленушісі-акционердің Банкті басқаруға қатысу құқығы оған тиесілі артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді толық мөлшерде төлеген күннен бастап тоқтатылады.

27. Шешім қабылдауы артықшылықты акцияларға ие акционердің құқығын шектеуі мүмкін мәселелерге төмендегілер туралы мәселелер жатады:

1) артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерінің азаюы немесе мөлшерін есептеу тәртібінің өзгеруі;

2) артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу тәртібінің өзгеруі;

3) артықшылықты акцияларды Банктің жай акцияларына айырбастау.

28. Банк Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Банктің кейінгі қызметіне қаражатты тарту мақсатымен облигацияларды және басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы, соның ішінде өндірістік және айырбасталатын.

Облигацияларды меншіктенушісіне Банкті басқаруға қатысу құқығы берілмейді.

Облигацияларды шығару тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

### **§1. Банк акцияларын орналастыру**

29. Банк өз акцияларын бір немесе бірнеше рет орналастыру арқылы олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін жарияланған акция санының шегінде орналастыруға құқылы.

30. Жарияланған акциялардың саны шегінде Банктің акцияларын орналастыру туралы шешімді Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

Акцияларды орналастыру акционерлердің акцияларды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыруы, бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион не бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

31. Акционер артықшылықпен сатып алу құқығына сәйкес оған акцияны сатып алуға өтінім беру үшін берілген күнтізбелік отыз күннің ішінде акцияны иеліктен айырған кезде, егер бұрынғы меншік иесі мұндай өтінім бермеген жағдайда бұл құқық акцияның жаңа меншік иесіне өтеді.

32. Директорлар кеңесі осы орналастыру үшін белгілеген акцияларды орналастыру бағасы осы акциялардың сатылуы мүмкін ең төменгі бағасы болып табылады.

Акционерлер акцияларды басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес Директорлар кеңесі белгілеген осы акциялардың бірыңғай ең төменгі орналастыру бағасы бойынша сатып алады.

Банк акциялары осы орналастыру шегінде акцияларды жазылу арқылы сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірыңғай баға бойынша сатылуға тиіс.

## **§2. Банк акциялары бойынша дивидендтер**

33. Банк акциялары бойынша дивидендтер артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің басқасынан, Акционерлердің жалпы жиналысында банктің дауыс беретін акцияларының қарапайым көпшілігімен дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданса, ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді.

Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен төлеуге жол берілмейді.

Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеудің басталу күнінен алдыңғы күні жасалуы тиіс.

34. Банк акциялары бойынша дивидендтер төлеудің кезеңділігі осы Жарғымен және (немесе) акцияларды шығару анықтамалықпен белгіленеді.

35. Банктің жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер төлеуге рұқсат етілмейді:

1) меншікті капиталдың теріс мөлшері немесе Банктің меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болатын болса;

2) егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлеуге қабілетсіздік пен дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе не көрсетілген белгілер Банктен оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде туындаса.

36. Жыл қорытындысы бойынша Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында қабылданады.

37. Банк Акционерлерінің жалпы жиналысы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялаумен Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу/төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

38. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу Банк органының шешімін талап етпейді.

39. Артықшылықты акцияларды меншіктенуші акционер бір артықшылықты акцияға 100 (жүз) теңге көлемінде дивиденд алуға құқылы. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді төлеу жылына бір рет жүзеге асырылады.

40. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін Банк меншігінде қалатын таза табыс Банк қорларын құру, резервтерді қалыптастыру және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыға сәйкес акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін пайдаланылады.

## **5. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

41. Банк акционері құқылы:

1) заңнамада және (немесе) Банк Жарғысында қарастырылған тәртіппен Банкті басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында және Банк Жарғысында анықталған тәртіппен Банк қызметі туралы ақпаратты алуға, оның ішінде Банктің қаржылық есептемесімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе атаулы иесінен бағалы қағаздарға оның меншік құқығын растайтын көшірмелер алуға;

5) Банк акционерлерінің жалпы жиналысына Банктің Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;

6) Банк органдарының қабылдаған шешімдерін сот тәртібімен даулауға;

7) Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, Банктің лауазымды адамдарының Банкке келтірген залалдарды Банкке өтеуі және Банктің лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) Банкке қайтаруы туралы талаппен өз атынан сот органдарына жүгінуге;

8) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және сұраудың Банкке түскен күнінен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;

9) Банк таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Банктің акцияларына айырбасталымды оның акциялары мен басқа бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға.

42. Ірі акционер құқылы:

1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, оны шақыру жөнінде сотқа шағымдануға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтар енгізуді ұсынуға;

3) Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;

4) аудиторлық ұйымнан өз есебінен Банк аудитін жүргізуді талап етуге.

43. Осы Жарғының 41-42 тармақтарында белгіленген акционерлердің құқығын шектеуге жол берілмейді.

44. Миноритарлық акционер Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсатында Банк тіркеушісіне жүгінуге құқылы.

Миноритарлық акционердің жүгіну тәртібі және Банк тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпаратты таратуы бағалы қағаздар иеленушілерінің тізілімдер жүйесін жүргізу бойынша шартымен белгіленеді.

45. Банк акционері міндетті:

1) акцияларды төлеуге;

2) Банк тіркеушісі мен осы акционерге тиесілі акциялардың атаулы иесіне Банк акциялары иелерінің тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгергендігі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны білдіретін ақпаратты жарияламауға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа міндеттерді орындауға.

## 6. БАНК ОРГАНДАРЫ

46. Банк органдары болып табылатындар:

1) жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган - Басқарма.

Банкте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге органдар құрылуы мүмкін.

### §1. Акционерлердің жалпы жиналысы

47. Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

1) Банк Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту;

2) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банкті өз еркімен қайта құру және тарату;

4) Банктің жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Банктің жарияланған орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау тәртібі мен шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;

6) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарын шығару туралы шешім қабылдау;

7) бір түрдегі орналастырылған акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттары мен тәртібін анықтау;

8) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) Банктің Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін төленетін сыйақы төлемдерінің және шығыстар өтемақысының көлемі мен шарттарын анықтау;

- 10) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) жылдық қаржы есептемесін бекіту;
- 12) есепті қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Банктің бір жай акциясы есебінен дивиденд мөлшерін бекіту;
- 13) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- 14) Банктің акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 15) Банкке тиісті барлық активтердің жиырма бес және одан жоғары пайызын құрайтын сомада активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру(алу) арқылы өзге заңды тұлғалардың құрылуына немесе қызметіне Банктің қатысуы немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- 16) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге Банктің хабарлау түрін және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру туралы шешім қабылдау;
- 17) Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта акцияларды сатып алу кезінде акциялардың құнын анықтау әдістемесіне өзгертулерді бекіту;
- 18) Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 19) егер осындай тәртіп Банк Жарғысында анықталмаған болса, Банк қызметі туралы акционерлерге ақпарат беру тәртібін анықтау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
- 20) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;
- 21) шешім қабылдауы Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) Жарғыға сәйкес Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын өзге де мәселелер.

### **§1.2. Акционерлер жалпы жиналысының шешім қабылдау тәртібі**

48. 47 тармақтың 1) – 4) және 17) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша шешімдер Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.

Егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің Жарғысында қарастырылмаса, Акционерлер жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын өзге мәселелер бойынша шешімдер дауыс беруге қатысушы Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлардың басқасынан, шешім қабылдауы Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататын мәселелерді Банктің басқа органдарының, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің құзыретіне табыстауға рұқсат етілмейді.

Егер басқасы осы Жарғымен қарастырылмаса, Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Банктің өзге ұйымдарының кез келген шешімін бұзуға құқылы.

Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезге дейін Банктің дауыс беру акциясының жиынтығы елу және одан көп пайызын иеленуші, оған қатысуға және дауыс беруге құқығы бар, акционерлер тізіміне енгізілген акционерлер мен олардың өкілдері, сондай-ақ Жарғының 49 т. көрсетілген тұлғалар тіркелген болса, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

49. Егер тізім жасалғаннан кейін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізіміне енгізілген тұлға өзіне тиесілі Банктің дауыс беру акцияларын иеліктен шығарған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа акционерге ауысады. Бұл жағдайда акцияларға меншік құқығын растайтын құжаттар көрсетілуі тиіс.

### **§1.3. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және дайындау тәртібі**

50. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Банк Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізуге міндетті.

Банк Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы Директорлар кеңесімен шақырылады және қаржы жылы аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі тиіс.

Жылдықтан өзге жиналыстардың бәрі кезектен тыс болып табылады.

51. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналыстары төмендегілердің бастамасымен шақырылады:

- 1) Директорлар кеңесінің;



## 2) Ірі акционердің.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын ірі акционердің бастамасымен шақыру және өткізу ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталады.

52. Акционерлердің жалпы жиналысын дайындау және өткізуді төмендегілер жүзеге асырады:

- 1) Басқарма;
- 2) Банкті тіркеуші, онымен жасалған шартқа сәйкес;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Таратушы комиссия.

53. Алдағы Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы Акционерлерге («алтын акция» иеленуші) 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, сырттай немесе аралас дауыс берген жағдайда – Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күніне дейін 45 (қырық бес) күнтізбелік күн мерзімінен кешіктірмей хабарлануы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама Банктің корпоративтік WEB-сайтында және (немесе) «Егемен Қазақстан», «Казахстанская Правда» газеттерінде жариялануы тиіс. Егер Банктің акционерлер саны елу акционерден аспаса, хабарлама акционерге мағлұмат ретінде оған жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуі тиіс.

Банк Жалпы жиналысты өткізу туралы акционерлерге өзге бұқаралық ақпарат құралдары (теледидар, радио) арқылы қосымша хабарлауға құқылы.

54. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада мынадай мәліметтер болуы керек:

- 1) Банк Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру бастамашысы туралы мәлімет;
- 3) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты, сондай-ақ егер бірінші жиналыс болмаса, өткізілуге тиіс Банк Акционерінің жалпы жиналысын қайта өткізу күні мен уақыты;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімін жасау күні;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен Банк акционерлерін таныстыру тәртібі.

55. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Директорлар Кеңесімен қалыптастырылады және талқылауға ұсынылатын нақты жасалған сұрақтардың толық тізбесінен тұруы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Банктің жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі Банк акционерлері толықтырулар жөнінде Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін кем дегенде он бес күн бұрын хабар алған жағдайда ірі акционерлер немесе Директорлар Кеңесі тарапынан толықтырылуы мүмкін.

Күн тәртібіне өзгертулер мен (немесе) толықтырулар егер жиынтығында Банктің тоқсан бестен кем емес дауыс беретін акциясына ие Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі дауыс берсе енгізілуі мүмкін.

Егер шешімге енгізуге орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екі бөлігі жақтап дауыс берсе, күн тәртібі артықшылықты акцияларды иеленуші акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін болатын мәселемен толықтырылуы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдаған кезде, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілмейді және (немесе) толықтырылмайды.

56. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар аталған мәселелер бойынша негізделген шешім қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпараттан тұруы тиіс.

Банк Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдар жиналысты өткізетін күнге дейін 10 күннен кешіктірілмей Банк Басқармасының орналасқан орны бойынша акционерлер танысуы үшін дайын және қолжетімді болуы, ал акционердің сұрау салуы болған жағдайда, сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жіберілуі тиіс. Құжаттардың көшірмесін дайындауға және құжаттарды жеткізуге жұмсалған шығындарды акционер төлейді.

57. Банк органдарын сайлау мәселелері бойынша материалдар болуы мүмкін үміткерлер туралы келесі ақпараттардан тұруы тиіс:

- 1) тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша - әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәліметтер;
- 3) Банкпен үлестестігі туралы мәлімет;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орны мен атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
- 5) үміткердің біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпараттар;

Банктің Директорлар кеңесін (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) сайлау туралы мәселені Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізген жағдайда материалда Директорлар Кеңесінің мүшесіне ұсынылған үміткер қай акционердің өкілі екендігі және (немесе) оның Банктің тәуелсіз директоры лауазымына үміткер болатындығы көрсетілуі тиіс.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат акционер не Банктің акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлға болып табылса, онда бұл мәліметтер де акционерлердің тізімі қалыптастырылған күнгі Банктің дауыс беретін акцияларын акционердің иелену үлесі туралы деректер енгізіле отырып, материалдарда көрсетілуге тиіс.

58. Банк Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда болуы тиіс:

- 1) Банктің жылдық қаржы есептемесі;
- 2) жылдық қаржы есептемесіне аудиторлық есеп;
- 3) Директорлар Кеңесінің өткен қаржы жылындағы Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір жай акциясына есептегендегі бір жылға дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар;
- 4) акционерлердің Банктің және оның лауазымды адамдарының әрекеттері бойынша жүгінуі және оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу бастамашысының қарауынша өзге де құжаттар.

59. Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу алғашқы Акционерлердің жалпы жиналысын (болмаған) өткізуді белгіленген күннен кейінгі келесі күннен бұрын болуы керек.

Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізу сол болмаған Акционерлердің жалпы жиналысының орнында болуы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысын қайта өткізудегі күн тәртібіндегі мәселелер болмаған Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауы тиіс.

Болмаған Акционерлердің жалпы жиналысының орнына қайта өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарап, олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы, егер:

- 1) кворумның жоқтығынан болмай қалған Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;
- 2) тіркеу аяқталған уақытқа оған жиынтығында Банктің дауыс беретін акциясының қырық және одан жоғары пайызына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), соның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлері қатысу үшін тіркелген болса.

60. Акционерлердің жалпы жиналысын ашқанға дейін келген акционерлердің (олардың өкілдерін) тіркелуі жүргізіледі. Акционерлердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысында қатысуға және дауыс беруге құқығын растайтын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талабына сәйкес ресімделген сенімхатты ұсынуға міндетті.

Тіркелуден өтпеген акционер (акционердің өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

#### **§1.4. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі**

61. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде хабарланған уақытта ашылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің (олардың өкілдерінің) барлығы тіркелуден өткен және жиналысты ашу уақытының өзгертілуіне қарсы болмаған және хабарланған жағдайдың басқасынан, жарияланған уақытынан ерте ашылуы мүмкін емес.

62. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді қарастыруды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

63. Акционерлердің жалпы жиналысы Жалпы жиналыстың төрағасын (президиумын) және хатшысының сайлауын өткізеді.



Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру түрін белгілейді: ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша).

Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (президиумын) және хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беруде әр акционер бір дауысқа ие, ал шешім қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады.

64. Дауыс беру қорытындысы бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасап, қол қояды.

Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып оған қол қойылғаннан кейін жүзбежүз жасырын және сырттай дауыс беру үшін (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), оның негізінде хаттама жасалған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігіліп, Банкте сақталады.

Дауыс беру қорытындысы жөніндегі хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қосылуы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционердің назарына оларды осы Жарғыда анықталған бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау немесе әр акционерге Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он бес күннің ішінде жазбаша хабарлама жолдау арқылы жеткізіледі.

Сайлау қорытындылары дауыс беру өткізілген Акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

65. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей ресімделеді. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- 1) Басқарманың толық атауы және орналасқан жері;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысының өтетін күні, орны және уақыты;
- 3) Акционерлердің жалпы жиналысына ұсынылған Банктің дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
- 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру тәртібі;
- 7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (президиумы) және хатшысы;
- 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушы тұлғалардың сөздері;
- 9) дауыс беруге қойылған Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыс беру саны;
- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындысы;
- 11) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.

Жалпы жиналыста Директорлар Кеңесін (Директорлар Кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) сайлау туралы мәселені қарастырған жағдайда, Жалпы жиналыстың хаттамасында Директорлар кеңесіне сайланған мүше қай акционердің өкілі екендігі және (немесе) Директорлар Кеңесінің сайланған мүшелерінің ішінен кім тәуелсіз директор болып табылатындығы көрсетіледі.

Хаттамаға Төраға (президиум мүшелері), Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы, есеп комиссиясының мүшелері, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан және дауыс беру акцияларының он не одан жоғары пайызын иеленген акционерлер қол қояды.

Хаттамаға қол қоюға құқылы тұлғаның қол қоюға мүмкіндігі болмаған кезде, хаттамаға берілген сенімхат негізінде оның өкілі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес сенімхатсыз акционер атынан әрекет етуге және оның мүддесін қорғауға құқығы бар тұлға қол қояды.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы дауыс беру қорытындылары жөніндегі хаттамамен, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беру құқығына, сондай-ақ хаттамаға қол қоюға берілген сенімхаттармен және хаттамаға қол қоюдан бас тартудың жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар Басқармада сақталады және кез келген уақытта акционерлердің танысып шығуына ұсынылады. Акционердің талап етуі бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

66. Әр акционер Акционерлердің жалпы жиналысында өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға құқылы.

Банктің Басқарма мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысына акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқылы емес.

Мұндай өкілдік акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жағдайларды

қоспағанда, Банк қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес сенімхатсыз акционердің атынан әрекет етуге немесе оның мүддесін қорғауға құқығы бар тұлғалардың Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхаттары талап етілмейді.

## **§2. Директорлар кеңесі**

67. Директорлар кеңесі заңнамен және осы және (немесе) Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзырына жатқызылатын мәселелерді шешуден басқа, Банктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.

68. Директорлар кеңесінің айрықша құзырына келесі мәселелер жатады:

1) Банк қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайда Банктің даму жоспарын бекіту;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) акцияларды орналастыру (сату) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны туралы, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) акцияларды орналастыру (іске асыру), оның ішінде жарияланған акциялардың саны шегінде орналастырылатын (іске асырылатын) акциялар саны туралы, оларды орналастыру (іске асыру) тәсілі және бағасы туралы шешімдер қабылдау;

4) орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды Банктің сатып алуы және оларды сату құны туралы шешімдер қабылдау;

5) Банктің жылдық қаржылық есептемесін алдын ала бекіту;

6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;

7) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

9) лауазымдық қызметкерлер көлемін және еңбекке ақы төлеу шарттарын және Басқарма басшылары мен мүшелеріне берілетін сыйлықақыны анықтау;

10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйлықақы шарттарын айқындау;

12) қаржылық есептеменің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ банктің акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысаны болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

13) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде Банктің бағалы қағаздарына аукциондар және жазылуды өткізудің шарты мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды, Бюджетті, бизнес-жоспарларды және бизнес-жоспарларды орындау туралы есептемелерді және Банк құрылымын бекіту (Банк қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқармамен қабылданған құжаттардан басқа);

14) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

15) Банкпен он және одан да жоғары акция пайызын алу (иеліктен айыру) туралы шешімдер қабылдау (жарғылық капиталда басқа заңды тұлғаның қатысу үлесі, сондай-ақ олардың қызметі туралы мәселелер бойынша шешім қабылдау);

16) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызы Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

17) Банк міндеттемелерін оның жеке капиталының он және одан жоғары пайызын құрайтын шамаға қарай көбейту;

18) Банк немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

19) ірі мәмілелерді және жасауға Банк мүдделілік танытқан мәмілелер, сондай-ақ Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғалармен мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;

20) операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелерді, сондай-ақ банктік тәуекелдерді және жеке меншік капиталдарды басқару, резервтегі капиталды пайдалану бойынша құжаттарды бекіту;

21) іске асырылуы үшін Директорлар кеңесінің алдын ала мақұлдауы талап етілетін банктік операциялар мен басқа да мәмілелер тізбесін және маңыздылық деңгейін бекіту;

22) Банктің төмендегілерді анықтайтын ішкі ережесін бекіту:

а) Банк бөлімшелерінің құрылымы, міндеттері, жұмыстары және өкілеттігін (Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес);

б) ішкі аудит, кредиттік комитеттің және басқа да тұрақты қолданыстағы органдар (комитеттер), оның ішінде Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметінің құрылымы, міндеттері, жұмыстары және өкілеттігін;

в) Банктің атынан және оның есебінен мәмілелерді жүзеге асыру барысында Банк қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың өкілеттігін.

23) «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда және (немесе) Банк жарғысында қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер Басқарманың шешуіне берілмейді.

Банктің Жарғысына сәйкес Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

69. Директорлар кеңесі:

1) мүдделердің ықтимал қақтығысын, оның ішінде Банк меншігін заңсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасқан кезде асыра пайдалануды лауазымды тұлғалар мен акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жоюға;

2) Банктегі корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыруға тиіс.

### **§2.1. Директорлар кеңесінің комитеттері**

70. Директорлар Кеңесіне маңызды мәселелерді қарастыру және ұсыныстар дайындау үшін Банкте Директорлар кеңесінің комитеттері құрылады.

Директорлар кеңесінің комитеттері келесі мәселелерді қарастырады:

1) стратегиялық жоспарлау;

2) кадрлар және сыйақылар;

3) ішкі аудит;

4) әлеуметтік мәселелер;

5) Банктің ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа мәселелер.

Осы тармақта көрсетілген мәселелерді қарастыру Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитеттерінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

71. Директорлар кеңесінің комитеттері нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажет кәсіби білімі бар Директорлар кеңесінің мүшелері және сарапшыларынан құралады.

Тәуелсіз директорлар стратегиялық жоспарлау, кадрлар және сыйақылар, ішкі аудит және әлеуметтік мәселелер бойынша сұрақтарды қарастыратын комитеттерді басқарады.

Директорлар кеңесінің басқа комитеттерін Директорлар кеңесінің кез келген мүшесі басқарады.

Басқарма Төрағасы Директорлар Кеңесі комитетінің төрағасы болуы мүмкін емес.

72. Комитеттердің қызметін реттеу мақсатымен Директорлар кеңесі комитеттерді қалыптастыру мен олардың жұмыс тәртібін қарастыратын ережелер бекітеді.

### **§2.2. Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау тәртібі**

73. Директорлар кеңесінің мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысымен төмендегілерден сайланады:

- 1) акционерлер - жеке тұлғалар;
- 2) Директорлар Кеңесінің сайлауына акционерлер мүдделерін танытатын өкілдері ретінде ұсынылған (ұсыныс берілген) тұлғалар;
- 3) Банк акционері немесе Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке тұлғалар.

Басқарма Төрағасының басқасынан Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесі төрағалығына сайлана алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшесі «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және (немесе) Банк Жарғысына сәйкес оған жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға табыстауға құқылы емес.

74. Директорлар кеңесі мүшелері кем дегенде 3 (үш) адамды құрайды.

Директорлар кеңесі мүшелері құрамының кем дегенде отыз пайызын тәуелсіз директорлар құрауы тиіс.

Егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылмаған болмаса, Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауысты Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидатқа толығымен беруге немесе оларды бірнеше кандидаттар арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан көп кандидат тең дауыс санын жинаған болса, бұл кандидаттарға қатысты тең дауыс санын жинаған кандидаттар көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетеньдерін акционерлерге ұсыну арқылы қосымша кумулятивтік дауыс беру өткізіледі.

74. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа директорлар кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

75. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

76. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл кезде Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

### **§2.3. Директорлар кеңесі мәжілісін өткізу және шешім қабылдау тәртібі**

77. Директорлар Кеңесі оның қарауына ұсынылған мәселелер бойынша, егер Директорлар кеңесінің мәжілісіне Директорлар кеңесіне сайланған мүшелері санының кем дегенде жартысы қатысса, шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің мүшелері Банк Басқармасын Директорлар кеңесінің мәжілісінде оның қатысуға мүмкіндігі жоқтығы туралы алдын ала хабарлауға міндетті.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворум болу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі өзінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлерді осындай кезектен тыс Жалпы жиналысы жөнінде ғана шешім қабылдауға құқылы.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір дауыс беру құқығы бар. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе, Директорлар кеңесінің мәжіліске қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар саны тең болған кезде, Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесі мәжілісіне төрағалық етушінің даусы шешуші болып табылады.

78. Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол мәжіліс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған мәжілісте төрағалық еткен тұлға мен Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда келесі мәліметтер болуы тиіс:

- 1) Басқарманың толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) мәжілістің өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) мәжіліске қатысушылар туралы мәліметтер;
- 4) мәжілістің күн тәртібі;
- 5) дауысқа қойылған мәселелер және Директорлар кеңесінің әр мүшесінің Директорлар кеңесі мәжілісінің күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген осы мәселелер бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

Директорлар кеңесі тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатысуға болатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

#### **§2.4. Директорлар кеңесі мәжілісін шақыру тәртібі**

79. Директорлар кеңесінің мәжілісі оның Төрағасының немесе Басқарманың бастамасымен не мыналардың талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Банктің ішкі аудит қызметінің;
- 3) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің.

Директорлар кеңесін шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі мәжілісінің ұсынылған күн тәртібінен тұратын тиісті жазбаша хабарламаны жолдау арқылы көрсетіледі.

Директорлар кеңесінің Төрағасы мәжілісті шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің мәжілісін Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

Директорлар кеңесінің мәжілісі аталған талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақырумен өткізіледі.

Директорлар кеңесінің мәжілісін өткізу туралы жазбаша хабарламалар Директорлар кеңесінің мүшелеріне күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды қоса мәжілісті өткізуге кем дегенде үш күнтізбелік күн қалғанға дейін жіберілуі тиіс.

80. Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу жөнінде шешім қабылдау туралы мәселелер қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлесінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған жағдайда бағалаушының есебі қамтылуы тиіс.

Егер осындай мәміле жасасудың мәні ақша және (немесе) бастапқы нарықта шығарылатын (орналастырылатын) бағалы қағаздар болса, бағалау жүргізілмейді.

81. Банктің Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру арқылы шешімдер белгіленген мерзімде алынған бюллетендерде кворум бар болғанда қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай мәжілісінің шешімі Директорлар кеңесінің Төрағасы және хатшының қолы қойылып жазбаша түрде (Директорлар кеңесінің шешімімен) ресімделуі керек.

Директорлар кеңесінің шешімі ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс, оған осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетендердің көшірмелері қоса тіркеледі.

Директорлар кеңесі мәжілісінің хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер Банкте сақталады және Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің талабы бойынша отырыс хатшысымен танысу үшін және (немесе) Банктің өкілетті тұлғасының қолымен және мөртаңбасымен куәландырылған шешімнің көшірмесі немесе хаттамадан үзінді көшірме беру арқылы ұсынылады.



### **§2.5. Директорлар кеңесінің Төрағасы**

82. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның мүшелерінің ішінен жасырын дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен сайланады.

Директорлар кеңесі кез келген уақытта Директорлар кеңесі мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен Төрағаны қайта сайлауға құқылы.

83. Директорлар кеңесінің төрағасы:

- 1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Директорлар кеңесі мәжілістерін жүргізеді және оларға төрағалық етеді.

Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.

### **§3. Басқарма**

84. Банк Басқармасы (бұдан әрі - Басқарма) Банктің алқалы атқарушы органы болып табылады және оның ағымдағы қызметіне басшылық етуді жүзеге асырады. Басқарма Банк қызметінің «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және осы Жарғыда Банктің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

85. Басқарма келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Банктің Стратегиялық дамуын әзірлейді және Банктің Директорлар кеңесінің талқылауына шығарады;

2) Банктің Директорлар кеңесі және Акционерлердің жалпы жиналысының айырықша құзыретіне жататын мәселелерді қоспағанда Банктің Директорлар кеңесі және Акционерлердің жалпы жиналысында қарастыруға жататын барлық мәселелерді алдын ала талқылайды, осыған байланысты қажетті құжаттарды дайындайды, Банктің Директорлар кеңесі және Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында әзірленген ішкі құжаттарды бекітеді, соның ішінде заңнамамен және осы Жарғымен бекітілуі Банктің өзге органдарының құзыретіне жатқызылған құжаттар мен ережелердің басқасынан, Банктің құрылымын, мақсаттарын, функциялары мен бөлімшелерінің өкілеттіктерін анықтайтын Банктің ішкі ережелерін бекітеді;

4) Банктің күрделі қаржы жұмсалым жоспарын бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесіне және Акционерлердің жалпы жиналысына қаржылық есептемені (бухгалтерлік баланс, кіріс және шығыс туралы есеп, ақша қозғалысы туралы және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептемесі заңнамасына сәйкес өзге де есептемелер туралы есеп беру) ұсынады;

6) Банктің басқа органдарының айрықша құзыретіне жататын мәселелердің басқасынан, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банктің үшінші тұлғаларға ұсынылатын қарыз (кепілдік, кепілгерлік) мөлшерін (лимит белгілейді) анықтайды;

7) кредит беру, есеп-айырысу, кассалық қызмет көрсету, ақша және құндылықтардың сақталуы, есеп және есептеме, ішкі банктік бақылау, клиенттер мүддесін қорғау және Банк операцияларына (мәмілелеріне) байланысты өзге мәселелерді қарайды.

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте банктің филиалдар мен өкілдіктерінің бірінші басшыларын тағайындау (сайлау) туралы шешім қабылдайды, Банк қызметкерлерін таңдау, дайындау және қайта дайындау мәселелерін шешеді;

9) Банктің штаттық кестесін бекітеді, өз құзыреті шегінде өндіріп алуды және көтермелеуді ұсынуды реттейтін ішкі еңбек тәртіп ережесін, ішкі ережені бекітеді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға қайшы келмейтін және Банктің басқа органдарының құзыретіне жатпайтын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Банк Басқармасы оның құзыретіне жататын ең маңызды мәселелерді қарастыру үшін жұмыс органдарын немесе комитеттерін құруға құқылы.

#### **§3.1. Басқарма мүшелерін сайлау тәртібі**

86. Басқарманың сандық құрамы және өкілеттік мерзімі Директорлар кеңесімен анықталады.

Басқарма мүшелері болып оның акционерлері болып табылмайтын Банк акционерлері мен қызметкерлері бола алады.

Басқарма мүшелері тек қана Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма басшысы басқа заңды тұлғаның жеке немесе алқалы атқарушы органының басшысы лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

87. Басқарма мүшесінің қызметі, құқығы мен міндеттері заңнамамен, осы Жарғымен, сондай-ақ көрсетілген тұлғаның Банкпен жасасқан еңбек шартымен белгіленеді. Еңбек шартына Басқарма Төрағасымен бірге Банк атынан Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе оған Акционерлердің жалпы жиналысы не Директорлар кеңесі өкілетті еткен тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шарттарына Басқарма Төрағасы қол қояды.

88. Басқарма қажеттілігіне қарай Басқарма Төрағасымен немесе оның мүшелерінің кем дегенде үштен бірінің талап етуімен шақырылады. Басқарма оның мәжілісіне Басқарма мүшелерінің кем дегенде жартысы қатысқан жағдайда шешімдер қабылдауға құқылы.

89. Басқарма мәжілісі кез келген күнде (мерекелік немесе демалыс), кез келген орында және тәуліктің кез келген уақытында өткізіледі. Басқарма мәжілісін жүргізуді Басқарма Төрағасы не оның орнындағы тұлға жүзеге асырады.

90. Басқарма шешімдері Басқарма құрамының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Басқарма Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

91. Басқарма шешімдері хаттама ретінде ресімделеді, оған мәжіліске қатысқан барлық Басқарма мүшелері қол қоюы тиіс және онда дауыс беруге қойылған барлық мәселелер, олар бойынша Басқарманың әр мүшесі әр мәселе бойынша дауыс беру нәтижесін көрсетумен дауыс беру қорытындысыболуы тиіс.

92. Басқарма мәжілістері хаттамаларының жүргізілуі міндетті және оны мәжіліс хатшысы жүзеге асырады. Басқарма мүшесі Басқарма шешімімен келіспеген жағдайда талап етуге құқылы, ал хатшы ерекше пікірді хаттамаға енгізуге міндетті. Басқарма мәжілісінің хаттамасы ол өткізілгеннен кейін үш күннен кешіктірілмей ресімделеді және оған Басқарма Төрағасы мен мәжіліс хатшысы қол қояды.

### **§3.2. Басқарма Төрағасы**

93. Басқарманы Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Банк Жарғысында қарастырылған тәртіппен Директорлар кеңесі сайлаған Басқарма Төрағасы басқарады.

94. Басқарма Төрағасы:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста сенімхатсыз Банк атынан әрекет етеді;

3) оның үшінші тұлғалармен қарым-қатынасына Банкті ұсыну құқығына сенімхат береді;

4) Банк қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және босатуды (Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайлардың басқасынан) жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жаза қолданады, Банк қызметкерлерінің лауазымдық қызмәтақыларының мөлшерін және Банктің штаттық кестесіне сәйкес қызмәтақыларға дербес үстеме ақыларын белгілейді, Банктің Басқарма құрамына кіретін қызметкерлерінен және Банктің ішкі аудит қызметінен басқа қызметкерлеріне сыйлықақы белгілейді.

5) Банктің ұйымдастырушылық құрылымын бекітеді;

6) өзі болмайтын кезде өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

7) Басқарма мүшелерінің міндеттерін, олардың арасындағы өкілеттік пен жауапкершіліктің саласын бөледі;

8) Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелерін ескере отырып, Банктің басқарушы қызметкерлеріне өкілеттіктерді табыстайды;

9) Банк Жарғысымен, Акционерлердің жалпы жиналысының және Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге қызметтерді жүзеге асырады.

### **§4. Банктің лауазымды тұлғалары қызметтерінің принциптері**

95. Банктің лауазымды тұлғалары:

1) оларға жүктелген міндеттерді адал орындайды, барынша жоғары деңгейде Банк және акционерлердің мүддесі көзделетін тәсілдерді пайдаланады;



2) Банктің мүлкін пайдаланбауы керек немесе осы Жарғыға және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдаланбауы, сондай-ақ жеке мақсатта және өзінің үлестес тұлғаларымен мәміле жасасқанда теріс пайдаланбауы тиіс;

3) Тәуелсіз аудитті өткізгенді қоса алғанда, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептеме жүйесінің біртұтастығын қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банк қызметі туралы ақпараттың жариялануын және ұсынуын қадағалайды;

5) Егер басқасы Банктің ішкі құжаттарында белгіленбесе, Банк қызметі туралы ақпараттың, оның ішінде Банктегі жұмыстың тоқтатылған күнінен кейінгі үш жыл бойы құпиялылығын сақтауға міндетті.

96. Директорлар кеңесінің мүшелері міндетті:

1) хабардарлық, ашықтық негізінде, Банктің және оның акционерлерінің мүдделері үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Банк Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етуге;

2) барлық акционерлерге әділ қарауға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті түрде тәуелсіз ой-пікір білдіруге тиіс.

#### **§4.1. Банктің лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі**

97. Банктің лауазымды тұлғалары Банк және акционерлер алдында олардың әрекетімен (әрекетсіздігімен) зиян келтіргені үшін және Банктің төмендегілер нәтижесінде келтірілген залал үшін, бірақ олармен шектелмей Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікте болады:

1) қателесуге әкеп соқтыратын ақпарат немесе көрінеу жалған ақпарат беру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзу.

3) олардың жөн-жосықсыз іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі нәтижесінде, оның ішінде олардың не олардың үлестес тұлғаларының Банкпен осындай мәмілелер жасасу нәтижесінде пайда (табыс) табу мақсатында, Банкке зиян келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасуды ұсыну және (немесе) жасасу туралы шешім қабылдау.

Қазақстан Республикасы заңнамасында және (немесе) осы Жарғыда көзделген жағдайларда, Акционерлердің жалпы жиналысының ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелерді жасасу туралы шешімдер қабылдауы, егер оларды орындау нәтижесінде Банкке залал келтірілсе, оларды жасасуды ұсынған лауазымды тұлғаны немесе өзі мүше болып табылатын Банк органының отырысында, оның ішінде олар не олардың үлестес тұлғалары пайда (табыс) табу мақсатында жөн-жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды тұлғаны жауаптылықтан босатпайды.

98. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі негізінде Банк немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан лауазымды тұлғаға оның Банкке келтірген зиянды не залалдарды Банкке өтеуі туралы, сондай-ақ, егер лауазымды адам жөн-жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген болса, Банкке залал келтіруге әкеп соқтырған ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) лауазымды адамның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының Банкке қайтаруы туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде Банк немесе Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан, Банктің лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Банктің осы лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Жарғы мен Банктің ішкі құжаттарының талаптарын немесе оның еңбек шартын бұза отырып әрекет етсе, Банктің осы үшінші тұлғамен жасаған мәмілесі нәтижесінде Банкке келтірілген залалдарды Банкке өтеуі туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда аталған үшінші тұлға және Банктің лауазымды тұлғасы Банкке осындай залалдарды өтеу кезінде ынтымақты борышкерлер ретінде әрекет етеді.

Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) сот органдарына өтініш жасағанға дейін Банктің лауазымды тұлғаларының келтірген залалдарды Банкке өтеуі және ірі мәмілелер және (немесе)

мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу туралы шешімдер (жасасуға ұсыныстар) қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (табысты) Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының Банкке қайтаруы туралы мәселені Директорлар кеңесінің отырысына шығару туралы талаппен Банктің Директорлар кеңесінің төрағасына жүгінуге тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап он күнгізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің көзбе-көз мәжілісін шақыруға міндетті.

Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционердің (акционерлердің) өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі мәжіліс өткізілген күннен бастап күнгізбелік үш күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не оны осы тармақта белгіленген мерзімде алмаса, Банктің дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) акционер (акционерлер) өз атынан аталған мәселе бойынша Директорлар кеңесінің төрағасына акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде Банк мүдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

99. Мәміленің жасалуына мүдделі және орындау нәтижесінде Банкке залалдар келтірілген мәміле жасасуды ұсынған лауазымды адамды қоспағанда, Банктің лауазымды адамдары, егер Банктің органы қабылдаған, Банкке не акционерге залалдар келтіруге әкеп соқтырған шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептермен дауыс беруге қатыспаса, жауаптылықтан босатылады.

Егер лауазымды тұлғаның қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезінде өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісінше әрекет еткені және мұндай шешім Банк мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде есептегені дәлелденген болса, ол коммерциялық (кәсіпкерлік) шешімнің нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

100. Сот экономикалық қызмет саласында меншікке қарсы немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстарды жасауға кінәлі деп таныған, сондай-ақ аталған қылмыстарды жасағаны үшін ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған Банктің лауазымды тұлғалары, заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген не алып тасталған не қылмыстық жауаптылықтан босатылған күннен бастап бес жыл ішінде Банктің лауазымды тұлғаларының міндеттерін, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлер өкілінің міндеттерін орындай алмайды.

101. Егер Банктің қаржылық есептілігі Банктің қаржылық жағдайын бұрмаласа, Банктің осы қаржылық есептілігіне қол қойған Банктің лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде материалдық зиян келтірілген үшінші тұлғалар алдында жауаптылықта болады.

#### **§5. Банктің ішкі аудит қызметі**

102. Банктің қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды Ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

103. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және олардың алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

Ішкі аудит қызметінің тәртібі, Ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысының және сыйақысының мөлшері мен шарттары Банктің Директорлар кеңесімен анықталады.

104. Ішкі аудит қызметі өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны, Ішкі аудит қызметі туралы ережені, сонымен қатар Банктің өзге де ішкі ережелерін және құжаттарын, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшылық келтірмейтін ішкі аудиттің халықаралық стандарттарын басшылыққа алады.

105. Ішкі аудит қызметі Банктің Директорлар кеңесімен бекітілген аудиторлық тексерулердің жоспары негізінде Банктің қызметіне аудиторлық тексеруді жүзеге асырады.

106. Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Банктің Басқарма және Директорлар кеңесінің құрамына сайлана алмайды, сондай-ақ Банкпен бәсекелес ұйымдарда және/немесе Банктің еншілес ұйымдарында басқарушы лауазымдарына тағайындалуға құқылы емес.

Ішкі аудит қызметінің басшысы Банктің Директорлар кеңесімен тағайындалады.

107. Ішкі аудит қызметінің басшысы және жұмыскерлері жоғары білімді болуы, банктік заңнаманы, бухгалтерлік есеп әдістерін білуге, сондай-ақ өздерінің атқаратын қызметіне сәйкес білікті және тәжірибелі болуы тиіс.

## **7. БАНКТІҢ АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУІ. БАНКТІҢ ҚҰЖАТТАРЫ**

108. Банк өз акционерлерінің және инвесторларының назарына төмендегідей корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндетті:

1) бұл мәселелер туралы ақпаратты Банктің ішкі құжаттарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізуге тиіс, Акционерлердің жалпы жиналысы және Директорлар кеңесі олардың тізбесі бойынша қабылдаған шешімдер;

2) Банк шығарған акциялар мен басқа да бағалы қағаздар және Уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарын тарату қорытындылары жөніндегі есептерін, Банктің бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерінің бекітілуі, Уәкілетті органның Банктің бағалы қағаздарының күшін жоюы;

3) қоғамның ірі мәмілелерді және жасалуына қоғам мүдделі мәмілелерді жасасуы;

4) осы Банк активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Банктің мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;

5) Банктің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан жоғары пайызын құрайтын мөлшерде Банктің қарыз алуы;

6) Банктің қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға лицензия алуы, қандай да бір қызмет түрін жүзеге асыруға бұрын Банктің алған лицензиялары қолданылуының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

7) Банктің заңды тұлғаны құруға қатысуы

8) Банк мүлкіне тыйым салу;

9) Балансының құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан жоғары пайызын құрайтын Банк мүлкінің жойылуына әкеп соқтырған төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы;

10) Банктің және оның лауазымды тұлғаларының әкімшілік жауапкершілікке тартылуы;

11) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

12) Банкті мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

13) Банктің жарғысына, сондай-ақ Банктің бағалы қағаздар шығарылымының анықтамалығына сәйкес Банк акционерлерінің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпаратты.

109. Банк Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептеме депозитарийінің «[www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)» интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, Банктің жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерін Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

Банк осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпаратқа қосымша Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептеме депозитарийінің «[www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)» интернет-ресурсында тоқсан сайынғы қаржылық есептемені орналастыруды қамтамасыз етеді және қор биржасының «[www.kase.kz](http://www.kase.kz)» интернет-ресурсында жариялау үшін барлық корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты және тоқсан сайынғы қаржылық есептемені қор биржасына оның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен ұсынады.

110. Банк қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты иеленуші Банк қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жүргізуді қамтамасыз етеді.

111. Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерінде ақпаратты жариялау (акционерлердің назарына жеткізу) мерзімдері қарастырылмаса, осы ақпарат ол пайда болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлердің назарына жеткізіледі).

Акционерлерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) Банк алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

112. Акционердің талап етуі бойынша Банк оған «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылған құжаттардың көшірмесін осы Жарғыда белгіленген тәртіппен, бірақ Банкке осындай талап келіп түскен күннен бастап он күнтізбелік күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл орайда қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.

113. Банктің өз қызметіне қатысты құжаттарды Банк өзі қызмет еткен бүкіл мерзім ішінде Басқарма орналасқан жерде немесе оның жарғысында белгіленген өзге де жерде сақтауға тиіс.

Мына құжаттар сақталуға жатады:

- 1) Жарғы, Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
  - 2) құрылтай жиналысының хаттамалары;
  - 3) құрылтай шарты (жалғыз құрылтайшының шешімі), құрылтай шартына (жалғыз құрылтайшының шешіміне) енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
  - 4) Банктің белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуға және (немесе) белгілі бір әрекеттер жасауға алған лицензиялары;
  - 5) Банктің өз балансында тұратын (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;
  - 6) Банктің бағалы қағаздарын шығару анықтамалықтары;
  - 7) Банктің бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды, сондай-ақ Банктің бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы Уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекітуді растайтын құжаттар;
  - 8) Банктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;
  - 9) акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, дауыс беру қорытындылары туралы хаттамалар мен бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;
  - 10) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін табыс етілген акционерлер тізімі;
  - 11) Директорлар кеңесі мәжілістерінің (сырттай өткізілген мәжілістер шешімдерінің) хаттамалары мен бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), Директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;
  - 12) Басқарма мәжілістерінің (шешімдерінің) хаттамалары;
  - 13) корпоративтік басқару кодексі (бар болған жағдайда).
114. Өзге құжаттар, оның ішінде Банктің қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.

115. Банктің қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпарат қамтылған бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар акционердің талабы бойынша оған танысу үшін берілуге тиіс.

116. Басқарма Төрағасы құжаттардың көшірмесін беру туралы шешім қабылдауға құқылы, бұндай жағдайда көшірмелерді дайындау, оларды нотариалдық куәландыру, акционерге жөнелту немесе жеткізіп беру жөніндегі шығыстардың сомасы туралы ақпарат, сондай-ақ шығыстар құнын төлеу үшін деректемелер акционерге мәлімденеді немесе Банк ғимаратында құжаттармен танысуға рұқсат беруге құқылы. Бұндай кезде танысып шығу уақыты мен орны туралы ақпарат акционерге мәлімденеді.

Құжаттардың көшірмелерін беру үшін төленетін ақы мөлшерін Банк белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға жұмсалған шығыстар құны мен құжаттарды акционерге жеткізіп беруге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы керек.

Құжаттар Банктің дайындау және жеткізіп беру жөніндегі шығыстарын төлеуге ақша алынған күннен бастап 5 (бес) күн ішінде жөнелтіледі.

#### **7-1. БАНК АКЦИОНЕРЛЕРІ МЕН ЛАУАЗЫМДЫ ТҮЛҒАЛАРЫНЫҢ ӨЗ ҮЛЕСТЕС ТҮЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ**

117. Банктің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

118. Банк үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар беретін мәліметтер негізінде жүргізеді және бұндай тұлғалардың тізімін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Уәкілетті органға ұсынады.

119. Банктің үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестік туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметті Банкке табыс етуге міндетті.

120. Банктің үлестес тұлғасы болып табылатын заңды тұлға туралы мәліметтерде келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) толық және қысқарған атауы;
- 2) іс жүзінде орналасқан жері (пошталық менкежайы);
- 3) мемлекеттік қайта/тіркеу куәлігінің күні мен тіркеу нөмірі;
- 4) Банкпен үлестестігі туындаған күн;
- 5) заңды тұлғаның үлестес тұлғаларының тізімі.

121. Банктің үлестес тұлғасы болып табылатын жеке тұлға туралы мәліметтерде келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) ТАӘ;
- 2) туған жері және күні;
- 3) Банкпен үлестестігі туындаған күн;
- 4) жеке тұлғаның үлестес тұлғаларының тізімі.

122. Бұрын берілген ақпарат өзгерген (толықтырылған) жағдайда Банктің үлестес тұлғалары Банкке бұндай өзгерту (толықтыру) туралы олар пайда болған күннен бастап жеті күннің ішінде хабарлауға міндетті.

## 8. БАНК ҚЫЗМЕТІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ

123. Банкті қайта ұйымдастыру (қосылу, біріктіру, бөліну, бөлу, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

124. Банк таратылуы мүмкін:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімі бойынша және олардың бақылауындағы тарату процедурасын анықтайтын Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша;

2) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайларда сот шешімі бойынша (мәжбүрлі тарату).

125. Банк қызметінің тоқтатылуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасының және банктік заңнамасының талаптары ескеріліп жүзеге асырылады.

126. Кредиторлармен есеп айырысу аяқталған соң таратылған банктің мүлкі Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған тәртіппен акционерлер арасында бөлінеді.


## 9. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

127. Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі нәтижесінде осы Жарғының жекелеген ережелері заңнамаға қарама-қайшы келетін болса, бұндай ережелер Жарғыға тиісінше өзгертулерді енгізбей автоматты түрде күшін жояды.

Жарғы ережелерінің бірі жарамсыз болып табылса, бұл қалған ережелерге қатысты болмайды. Жарамсыз ереже заң жүзінде рұқсат етілген және тиісінше қатынастарды реттейтін ережеге ауыстырылады.

128. Осы Жарғыда реттелмеген мәселелердің барлығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Басқарма Төрағасы



Жақсыбек Дәурен Әділбекұлы

Қолы М.Ә.

**УТВЕРЖДЕН:**  
Годовым Общим собранием  
акционеров «21» апреля 2014 года

# **У С Т А В**

**АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«ЦЕСНАБАНК»**

**г. Астана, 2014 г.**



Настоящий Устав разработан в соответствии с законодательством Республики Казахстан и определяет правовые основы организации и функционирования Акционерного общества «Цеснабанк» в дальнейшем именуемого – «Банк».

## 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Банк является юридическим лицом, созданным в организационно-правовой форме – акционерное общество, правоспособность которого возникает с момента государственной регистрации в органах юстиции и получения лицензии Национального Банка Республики Казахстан (далее – Уполномоченный орган) на проведение банковских и иных установленных законодательством Республики Казахстан операций.

2. Банк имеет самостоятельный баланс, корреспондентские счета, обладает имуществом, обособленным от имущества своих акционеров, и не отвечает по их обязательствам, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть ответчиком и истцом в суде.

Акционерами Банка могут быть казахстанские и иностранные юридические и физические лица, которые приобретают акции Банка в установленном порядке.

3. Форма собственности Банка - частная.

4. Банк вправе участвовать в уставных капиталах других юридических лиц на территории Республики Казахстан и за ее пределами, за исключением случаев, установленных законодательством Республики Казахстан.

5. Банк осуществляет свою деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан, международными договорами (соглашениями), ратифицированными Республикой Казахстан, международными общепринятыми нормами банковской практики, нормативными правовыми актами Уполномоченного органа, настоящим Уставом и внутренними документами Банка.

6. Банк несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

Акционеры Банка не отвечают по обязательствам Банка и несут риск убытков, связанных с деятельностью Банка, в пределах стоимости принадлежащих им акций Банка, за исключением случаев, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

7. Банк в своей деятельности независим от исполнительных и представительных органов государственной власти, не несет ответственности по обязательствам государства, равно как и государство не отвечает по его обязательствам, кроме случаев, когда Банк или государство принимают на себя такую ответственность.

8. Филиалы и представительства

По решению Совета директоров Банк вправе создавать филиалы и представительства как на территории Республики Казахстан, так и за ее пределами.

Филиалы и представительства Банк не являются юридическими лицами и действуют от имени Банка на основании положений о них, утверждаемых Советом директоров Банка.

Руководители филиалов и представительств действуют на основании доверенностей, выданных Банком.

Филиалы и представительства Банка создаются и закрываются в соответствии с законодательством Республики Казахстан и тех государств, на территории которых они располагаются.

9. Дочерние организации Банка

Банк может создавать дочерние организации как на территории Республики Казахстан, так и за ее пределами при наличии разрешения Уполномоченного органа.

Дочерние организации Банка создаются и закрываются в соответствии с законодательством Республики Казахстан и тех государств, на территории которых они располагаются.

10. Фирменное наименование Банка:

на государственном языке – «Цеснабанк» Акционерлік қоғамы;

на русском языке – Акционерное общество «Цеснабанк»;

на английском языке «Tsesnabank» Joint stock company»;

Сокращенное наименование Банка:

на государственном языке – «Цеснабанк» АҚ;

на русском языке - АО «Цеснабанк»;



на английском языке «Tsesnabank» JSC».

11. Банк имеет печать, эмблемы и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

Срок деятельности Банка не ограничен.

12. Место нахождения Правления Банка: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, р-н Есиль, ул. Сығанақ, д. 24.

## 2. ЦЕЛИ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

13. Основными целями деятельности Банка являются:

- 1) получение дохода в результате осуществления Банком законной деятельности;
- 2) содействие формированию и дальнейшему развитию рыночной экономики в Республике Казахстан;
- 3) получение доходов и использование их в интересах акционеров;
- 4) осуществление и расширение спектра банковских услуг в соответствии с международными нормами, стандартами и законодательством Республики Казахстан.

14. Для достижения указанных целей Банк при наличии соответствующей лицензии Уполномоченного органа вправе осуществлять банковские и иные операции, предусмотренные банковским законодательством.

